

## **БЕКІТЕМІН**

**Кәсіпорын бас директорының**

**2020 жылғы «26» ақпандағы**

**№ 47/1 бұйрығына қосымша**

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 10 - бабы 2 - тармағына сәйкес әзірленді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазқайтажаңарту» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі-сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты жетілдіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі мақұлданды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазқайтажаңарту» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның (бұдан әрі-Кәсіпорын) қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы, мүдделі қақтығысты болдырмау, құқықтық сауаттылықты арттыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері кәсіпорын қызметкерлерінің өзінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру кезінде олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзімді мінез - құлқын қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласына арналған ұсынымдар жүйесін орнатуға бағытталған.

#### **Мазмұны**

- 1) Кәсіпорын тарихы мен негізгі бағыты;
- 2) Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қозғайтын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезіндегі мінез-құлық (іс-қимыл) ұсынымдары;
- 3) Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау, белгілеген өзге де міндеттерді жүзеге асыру;
- 4) Заңнамада берілген тәртіппен мемлекеттік сатып алу жұмысын жүргізуді жүзеге асыру;
- 5) Кәсіпорын қызметкерлерінің кадрлардың іріктеу және орналастыру кезіндегі мінез-құлық (іс-қимыл) ұсынымдары.

#### **1. Кәсіпорын тарихы мен негізгі бағыты**

Кәсіпорын 1972 жылдың 29 наурызында құрылған. Кейін ол «Қазқайтажаңарту» тресті болып қайта ұйымдастырылды. 1978 жылдан 1989 жылға

дейінгі аралықта қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Қаулысымен Қазақстанның әртүрлі облыстарында трестің құрамына кіретін «Қазқайтажаңарту» РКМ-ның Түркістан, Тараз, Орал, Қызылорда қалаларында төрт мамандандырылған филиалдары және Алматы қаласында Ғылыми-зерттеу және жобалау филиалы ашылды.

Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруі іскерлік этика мен бизнесті адал жүргізудің қазіргі заманғы қағидаттарын сақтау негізгі мақсаты. Сол себепте, Қазақстан Республикасы заңнамаларында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен қарастырылған тарихи-мәдениет ескерткіштерін қалыпқа келтіру қызметіндегі бағытты «Мәдени мұра» атты Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында кәсіпорынның тарихи-мәдени ескерткіштерін жөндеу, қалыпқа келтіру, қорғау, бастапқы қалпына келтіру бойынша жұмысты жүзеге асыру, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу негізгі бағыты болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Иеліктен шығаруға жатпайтын, мемлекеттік меншіктегі және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің меншігіндегі объектілердің, оның ішінде стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы» 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 927 қаулысы негізінде және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысына сәйкес айқындалады.

## **2. Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қозғайтын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезіндегі мінез-құлық (іс-қимыл) ұсынымдары**

Жеке және заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ету, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте және мерзімде қарау;

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

Мүліктік және өзге де пайдаларды алу мақсатында өзінің қызметтік өкілеттіктерін заңсыз пайдалану жолымен жеке, заңды тұлғалар өкілдерінің мүдделерін қанағаттандыруға жәрдемдесуге жол бермеу;

Қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету;

Адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалар өкілдерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік таныту;

Басқа азаматтарды құқыққа қарсы, қоғамға жат әрекеттерді жасауға тартуға жол бермеу;

Шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау.



### **3. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау, белгілеген өзге де міндеттерді жүзеге асыру**

Басқа мемлекеттік органдардың, кәсіпкерлік ұйымдары мен субъектілердің қызметіне заңсыз араласуына жол бермеу;

Қызметкерлерді көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

Қармағындағыларға олардың лауазымдық міндеттерінің шеңберінен шығатын немесе тіпті орындалмайтын, сондай-ақ заңнамаға қарама-қайшы өкімдер бермеу;

Қармағындағыларды сыбайлас жемқорлыққа құқықбұзушылық жасауға мәжбүрлемеу;

Әріптестеріне, басшыларына және өзге де лауазымдық тұлғаларға сыйлықтар сыйламау және мүліктік пайда, игіліктер немесе артықшылықтар алу үшін лауазымдық өкілеттіктерін пайдаланбау;

Қызметкерлердің құзыретіне жататын шешімдерді қабылдау кезінде ешқандай материалдық игіліктер, қызметкер мен өзінің заңнамалық міндеттерін орындаумен байланысты артықшылықтарды қабылдамау;

Берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерімен басшылық етпеу;

Таратылуға жатпайтын қызметтік немесе өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар өндіріп алу мақсатында пайдаланбау.

### **4. Заңнамада берілген тәртіппен мемлекеттік сатып алу жұмысын жүргізуді жүзеге асыру**

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы және қағидарларды қатаң сақтауға;  
Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайлардан басқа, мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысу кезеңінде тең мүмкіндіктер беру;

Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығын және айқындығын сақтау;

Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

Әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестікке жол беру;

Дербес деректерді өңдеу кезінде үшінші тарапқа ақпарат және материалдарды бермеу;

Ақша қаражатының және материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамсыз ету;

Материалдық қорлар мен негізгі құралдарды беру және есептен шығару бойынша алғашқы құжаттарды рәсімдеу, сондай-ақ оларды есепке алу және сақтау;

Мемлекеттік сатып алу жоспарын жасау, өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде қабылданатын шешімдердің заңдылығын және әділдігін қамтамсыз ету;

Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу.

## **5. Кәсіпорын қызметкерлерінің кадрлардың іріктеу және орналастыру кезіндегі мінез-құлық (іс-қимыл) ұсынымдары**

Кадрлық іріктеу кезінде қолданыстағы заңнама талаптарын сақтау;

Меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

Кәсіпорын қызметкерлерінің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;

Кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік, жеке басына қатысты артықшылықтарды көрсетпеу;

Кәсіпорын қызметкерлерінің қатысты қызметтік тексерісті объективті және жан-жақты жүргізу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт кәсіпорын қызметінде функцияларды жүзеге асыру, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарымен заңды мүдделерін іске асыру кезінде пайдаланылады, кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне қолданылады және орындау үшін міндетті болып табылады.